НА РЫНКАХ МОРСКИХ И АВИАЦИОННЫХ ПЕРЕВОЗОК ИНФОРМАЦИЯ О СТОИМОСТИ УЖЕ МНОГО ЛЕТ КОНСОЛИДИРУЕТСЯ В ПУБЛИЧНЫХ ИНДИКАТОРАХ СТОИМОСТИ. А БЛАГОДАРЯ ERAI АКТУАЛЬНЫЙ ИНДИКАТОР СТОИМОСТИ ПЕРЕВОЗОК В ЕВРАЗИЙСКОМ ТРАНЗИТЕ ПОЛУЧАТ И ЖЕЛЕЗНЫЕ ДОРОГИ. ЭТО МОЖЕТ СТАТЬ ПЕРВЫМ ШАГОМ К ФОРМИРОВАНИЮ ЕДИНОГО ЦИФРОВОГО ПРОСТРАНСТВА ТРАНСЪЕВРАЗИЙСКОГО ТРАНЗИТА.



Алексей ГРОМ,
генеральный директор ОТЛК ЕРА


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№22-23 (3061-3062)
28/03/2025


## ВАГОН ЖАСАУ ЗАУЫТЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының Павлодар облысында өнеркәсіпті дамыту жөніндегі тапсырмасының іске асырылу барысымен танысты. Ол өңірге іссапары кезінде Екібастұзда орналасқан «Қазақстан вагон жасау компаниясы» зауытына ат басын бұрды.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана



«Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС аумағында Премьер-министр әмбебап ашық жүк вагондарын, жабық вагондарды, вагон-платформаларды құрастырып шығаратын отандық өндірушінің қазіргі өндірістік қуаттарымен, сондай-ақ жүк тасымалы көлемінің жыл сайынғы өсуін ескере отырып, көрсеткіштерді одан әрі арттыру жөніндегі жоспарларымен танысты.



«ҚВЖ» компаниясының құрылтайшысы және сенімді басқарушысы – «SMR Group» ЖШС бас директоры Ержан Қуанғанның айтуынша, кәсіпорын құрылған сәттен бастап 9 мыңнан астам ашық вагон, 26 платформа және 2 жабық вагон шығарған. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы айына 100-ден 240 вагонға дейін өскен. Бүгінгі таңда компания 3 мың ашық вагонды жеткізуге қатысты келісімшартты мерзімінен бұрын орындауға кірісken, оны аяқтау 2025 жылдың мамырына жоспарланыпты.

Осы арада «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС-нің сенімді серіктесі және тапсырыс берушілері қатарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымы «Қазтеміртранс» АҚ көш бастап тұрғанын атар едік. Оның айқын дәлеліне, 2011 жылдан 2025 жылдың ақпанына дейін осы зауыт шығарған 9 333 вагонның 7 884-ін ҚТЖ сатып алған. Жылжымалы құрам әлеуметтік маңызды жүктерді, атап айтқанда астық, көмір, т.б. жүктерді тасымалдауға жұмылдырылып отыр.

Сапар барысында Көлік-логистикалық кешенді дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде өзара іс-қимыл мәселелеріне де назар аударылды.

«Біздің еліміз транзит пен логистикада орасан зор және толық ашылмаған әлеуетке ие. Теміржол жүйесі вагондарды жаңартуды қажет етеді. Сондықтан біз кәсіпорынның өндірісті ұлғайту туралы жоспарларын қолдаймыз», – деген Үкімет басшысы Көлік министрлігіне мүдделі ұйымдармен бірлесіп, ашық вагондар мен жабық вагондарды жеткізуге ұзақ мерзімді оффтейк-келісімшарттар жасасу мүмкіндігін қоса алғанда, кәсіпорынды қолдау шараларын пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ жергілікті қамту үлесін ұлғайту қажеттігін атап өтті. Бүгінде ол 57% құрап отыр екен.

*Фото primeminister.kz сайтынан алынды*

### ЖАҢА СЕРВИС ҰСЫНУДА

**ҚТЖ еншілес ұйымы – «KTZ Express» АҚ электрондық коммерцияның қарқынды өсуіне байланысты жолаушылар пойыздары құрамындағы пошта-багаж вагондарында жүктерді тасымалдаудың жаңа сервисін ұсынып отыр.**

Алғашқы жөнелтілім кезінде Алматы-2 станциясынан Астана-1 станциясына қарай көлемі 300 текше метр жүк жіберілді, ол межелі жерге бір тәулік ішінде жеткізілді.

KTZ Express ТМД елдері кеңістігінде баламасы жоқ арнайы жасақталған вагондарда габаритті емес жүктерді тасымалдайды. Бұл қызмет жолаушылар пойыздарының кестесін пайдалану арқылы жоғары жылдамдықты қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта сервис Алматы – Астана бағдарында жұмыс істеп жатыр. Таяу болашақта Қазақстан ішінде де, халықаралық бағыттарда да оның ауқымын кеңейту жоспарлануда.

*Нұрбек БЕКЕН*

### РАЗВИВАЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ КОРИДОРЫ

**В Москве состоялась Международная выставка TransRussia 2025, где АО «НК «ҚТЖ» представило консолидированный стенд с участием дочерних организаций.**

В ходе работы выставки АО «KTZ Express» провело ряд переговоров с логистическими компаниями. Ключевым событием стало подписание Меморандума о сотрудничестве с ООО «Рейлшип Сервис» – российским оператором, специализирующимся на железнодорожных контейнерных и морских перевозках.

Документ направлен на усиление логистического потенциала восточной ветки МТК Север – Юг и Транскаспийского международного транспортного маршрута, а также совершенствование логистических процессов и перевозок в направлении Европы.

Таким образом, KTZ Express продолжает активно развивать международные транспортные коридоры, расширяя партнерские связи с ведущими логистическими компаниями мира.

*Асель ШАЙХЫНОВА*



**Алма СӘУЛЕБАЕВА,**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
HR бизнес-серіктесі:

«БҮГІНГІ ТАҢДА «ҚТЖ» ДЕГЕНІМІЗ, БҰЛ – 120 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ БАР ҮЛКЕН ҰЖЫМ, ОЛАРДЫҢ 98%-Ы ӨНДІРІСТІК ПЕРСОНАЛ. СОЛ СЕБЕПТІ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫНЫҢ ЕҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ БІЗГЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСЫ БАР, ОСЫ РЕТТЕ ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙДА ЕҢБЕК ЕТУІ ҮШІН БАРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ЖАСАП ОТЫР»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЕЛІМІЗ БОЙЫНША 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН
**200**
ЖУЫҚ СТАНЦИЯ МЕН ЖЕКЕЛЕГЕН ПУНКТТЕРДІ ДАМЫТУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА ТЕМІРЖОЛ ТӨСЕМІНЕН ЖОҒАРЫ ОРНАЛАСҚАН
**83**
СУ ҚОЙМАСЫ МЕН БӨГЕТКЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН.

ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ЖАСАҚТАЛҒАН
**297**
ВАГОН КЕРЕК-ЖАРАҚТАРМЕН ТОЛЫҚ ЖАБДЫҚТАЛЫП, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫН ТҰР.

**Көкейкесті**

## ТАСҚЫН СУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

**Көктем – тіршілік атаулы оянып түрленетін тамаша кезең болумен қатар қауіп-қатері де мол мазасыз маусым. Жердің тоңы жібіп, қыстағы қар мен мұз еріп, жаңбыр суымен қосылып қызыл судың кеңірдектен алар шағы. Сондықтан көктемнің келуімен теміржол, оның ішінде жол шаруашылығы қызметкерлері бес қаруын сайлап, су тасқынына қарсы күреске кіріседі.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

Биылғы жағдай қалай? Су тасқынынан қауіп бар ма және теміржолшылардың оған қарсы тұру қауқары қандай? Магистральдық желі дирекциясынан алынған мәліметке сүйенсек, теміржол төсемінен биік орналасқан бөгеттер мен су қоймалары ерекше бақылауға алынған. Теміржолдар мен жасанды құрылыстарды мұзды және тасқын суды өткізуге дайындау бойынша профилактикалық және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар белсенді жүргізіліп отыр. Магистральдық желі қызметкерлері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қауіпті объектілерді тұрақты тексеруден өткізуде. Оңтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде су шайып кетуіне қарсы пойыздар толығымен жасақталып, барлық жасанды құрылыстарда тазарту жұмыстары жүргізілген. Мәселен, Павлодар облысында тасқынға қарсы үш пойыз құрылған. Олардың құрамында аспаптары мен арнайы киімдері бар жабық вагондар, рельсті пакеттері, кесек тастар мен шпалдар артылған платформалар бар. 35 ықтимал қауіпті орын бақылауға алынып, Сілеті өзенінде бұрғылау-жару жұмыстары жоспарланған.

Ал Семей магистральдық желі бөлімшесінде Өскемен-1, Күмістау, Семей, Жаңа-Семей, Аягөз станциялары бойынша орналасқан су тасқынына қарсы бес пойыз жасақталған. Олар да керек-жарақ, асай-мүсеймен толық жарақтандырылған. Бұл өңір бойынша 442 көпір, 390 су өткізгіш құбыр, 236 км шұңқыр және 111 км таулы арықтарды қардан тазарту жұмыстары жүргізілуде. Сегіз су қоймасына бақылау орнатылып, су тораптарының шлюздері тексерілген. Бұдан бөлек, Семей өңіріндегі Үбі өзенінде мұзды ұсақтау және НУК-Алтай учаскесінде қар көшкінін түсіру бойынша бұрғылау-жару жұмыстары жүргізіліпті. Сондай-ақ Есіл өзенінде Есіл – Приишим аралығының 29 шақырымында мұзды ұсақтау бойынша бұрғылау-жару жұмыстары орындалған.

Магистральдық желі дирекциясы мамандарының айтуынша, барлық жерде жол, белгі беру-байланыс, электрмен жабдықтау дистанциялары қызметкерлерінің тәулік бойғы кезекшілігі ұйымдастырылған. Диспетчерлік бақылау орнатылып, Төтенше жағдайлар департаментімен өзендер мен су қоймаларындағы судың болжамды деңгейі туралы тұрақты ақпарат алмасу жүргізілуде екен. Қорғаныс министрлігінің өтінімі бойынша Қапшағай станциясынан понтон көпірі мен ілеспе техникасы бар құрам Шұбарқұдық станциясына жөнелтіліп, оны тасымалдауға сегіз платформа қатысыпты. Темір жолдағы су тасқыны жағдайына келсек, ол тұрақты. Барлық ықтимал қауіпті учаскелер жасанды құрылыстар арқылы еріген судың өтуін бақылау және теміржол инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрақты айналма жолдармен және қосымша кіреберістермен қамтылған.

## ПЕРЕДОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ – ВООЧИЮ

**На участке Мойынты – Бүйрек Балхашской дистанции пути Карагандинского отделения магистральной сети проведено показательное «технологическое окно» по принудительному вводу рельсовых плетей в расчетный интервал закрепления с применением гидравлического натяжного устройства (ГНУ).**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



Мероприятие проходило на свежем воздухе и, несмотря на отсутствие стен, напоминало импровизированную учебную аудиторию с доской, на которой специалисты проводили точные и скрупулезные расчеты.

В мероприятии приняли участие главный региональный ревизор Карагандинского отделения Булатбек Альмурзаев, директор Карагандинского отделения магистральной сети Толеубай Кенжебеков, начальник отдела пути НЖС-4 Улан Бекенов, а также инженеры-технологи Жанааркинской, Карагандинской и Акадырской дистанций пути.

По словам Булатбека Альмурзаева, во время «технологического окна» тщательно рассматривались работы рельсовых плетей в весенне-осенний период.

– Как правило, в эти времена года происходит удлинение либо укорочение плетей, которые могут привести к выбросу пути или разрыву стыковых болтов. К тому же был показан полный расчет при водно-температурном режиме работы рельсовой плети, это очень важно, так как любая ошибка в расчете может привести к плачевным последствиям, особенно в летний период, когда происходит накопление напряжения к выбросу пути. Эти нюансы необходимо учитывать в процессе работы. Это целая наука, без которой невозможна жизнь сотрудника, напрямую связанного с железной дорогой, – считает он.

Основной задачей проведения показательного окна стало улучшение качества знаний инженерно-технических работников дистанции пути, направленных на повышение надежности и безопасности железнодорожного пути.

При подведении итогов «технологического окна» учитывались вопросы, связанные с содержанием и обслуживанием бесстыковых рельсовых плетей. Организаторами мероприятия были даны рекомендации по улучшению эксплуатационных характеристик пути, а также обсуждены перспективы внедрения новых технологий на других участках железной дороги.

Как отметили спикеры, вся полученная база знаний в будущем пригодится железнодорожникам и будет использована с целью повышения эффективности путевых работ. В дальнейшем это даст хороший эффект – продление срока службы бесстыкового пути и обеспечения безопасности движения поездов.

*Фото автора*

### ЭТНОСТИЛЬДЕ БЕЗЕНДІРІЛГЕН ПОЙЫЗДАР

**Наурыз мейрамы күндері Алматы вокзалынан ұлттық нақышта безендірілген №4/3 «Алматы – Астана» бағыты бойынша қатынайтын жолаушылар пойызы салтанатты түрде жолға шықты.**

Перронда жолаушыларды ұлттық киім киген жолсеріктер қарсы алып, наурыздың шуақты атмосферасын сыйлады. Жолаушылар мен шығарып салушыларға қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттайтын домбыра үнімен сүйемелденген музыкалық бағдарлама ұсынылды. Жолаушыларға дәстүрлі тағамдар – наурыз көже мен бауырсақ тарту етілді.

Сонымен қатар мерекелік нақышпен көмкерілген №7553/6811 «Қарағанды-Астана-Бурабай курорты» бағытындағы қала маңы электр пойызы да жолаушыларға мерекелік көңіл күй сыйлауда. Этностильде безендірілген бұл пойыздар наурыз айының соңына дейін қатынайтын болады.

Мерекелерде жолаушыларды құттықтап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау – компания үшін дәстүрге айналған шара. Жыл сайын «Жолаушылар тасымалы» АҚ түрлі мерекелерге орай пойыздарды тақырыптық безендіріп, жолаушыларға ұмытылмас әсер сыйлап келеді.

Айта кетейік, мерекелік шара еліміздің барлық өңірлерінде өтуде. Пойыз бригадалары жолаушыларды Наурыз мейрамымен құттықтап, ұлттық дәммен сыйлауда.

*Ұлан ОРАЗ*

rail-news.kz

№22-23 (3061-3062) 28/03/2025

## ПОНТОН КӨПІРІ ЖЕТКІЗІЛДІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ТАСҚЫНҒА-ТОСҚЫН

**Ақтөбе облысына көктемгі су тасқынына қатысты көмекке әскери понтон көпірі жеткізілді. Қапшағай станциясынан 8 вагонмен шыққан жүк пойызы Шұбарқұдық станциясына келді.**



Қапшағай станциясынан Қонаевтағы әскери бөлімнің понтон көпір паркі мен қызметкерлері 18 наурыз күні Ақтөбеге жолға шықты. Теміржол қызметі әскери техниканы тиеу, жеткізу жұмыстарын тиянақты атқарды. Ал Шұбарқұдық станциясында әскери техниканы вагондардан түсіру, жүк көліктеріне тиеу жұмыстары ұйымдастырылды. Жүк көліктері Ойыл ауданына бағыт алды.

Су тасқыны кезінде уақытша өткел бұзылып, Ойыл ауылының тұрғындары байланыссыз қалған болатын. 15 наурыздан бастап ТЖД-нің құтқару қызметі ауыл халқын өзеннен қайықпен өткізіп жүр.

«Су тасқынына қарсы шараларға теміржол қызметі белсенді қатысты. Жол қатынасы үзілген ауылда понтон көпірмен тасымалдау ұйымдастырылады. Бүгін таңертең 8 вагонмен әскери техника жеткізілді. Түсіру жұмыстары ойдағыдай өтті. Техникалар Ойыл ауданына кетті», – деп хабарлайды Шұбарқұдық станциясының басшысы Алтай Абдуллин.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының орталығында енді жүк пен адамдар понтон көпір арқылы тасымалданады. Әскери оқу-жаттығуда пайдаланылатын жылжымалы көпір көлік қозғалысы қалпына келгенше 16 мың Ойыл халқын облыс орталығымен байланыстыратын болады. 2024 жылы су тасқыны кезінде де понтон көпірлер қызметі пайдаланылған.

*Суретті түсірген автор*

## НАЗАРДА ҰСТАДЫ

**Абай ЕРТІС,**
Семей

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**Семейлік теміржолшылар қауымы ұлыстың ұлы күніне орай демалыс күндері де қауіпсіздік шараларын бір сәтке де күн тақырыбынан түсірмей, назарда ұстады.**

Мейрам күндері байтақ бөлімше бойынша еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттануға жол бермеу және қозғалыс қауіпсіздігін сақтау жөніндегі кешенді жұмыстар толық көлемде жүргізілді. Яғни қызмет орындарында мереке күндерінде де босаңсуға жол берілмейді. Бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, экология бөлімінің мамандары әсіресе түнгі ауысым бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізді. Бөлім басшысы Ерлан Сальев пен тораптық станциялардың және қозғалыс саласына жауапты өзге де мекемелер бас инженерлерінің қатысуымен тексеру, қадағалау жұмыстары аясында бірқатар мәселелер назарға алынды. Атап айтсақ, түнгі ауысымға шығатын қызметкерлердің қан қысымын өлшеу, алкотес- тер сынамасын алу шаралары басты орынға қойылды.

Сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер барысында локомотив бригадалары мен пойыз құрастырушылар қызметінің де тиісті нұсқаулық бойынша жүзеге асырылуы қадағаланды. Бұл орайда бөлімше басшылығы жүк станциялары мен Семей – Шар, Жаңғызтөбе – Аягөз телімдері бойын да назарға алды. Көктемгі қызыл су қаупі жоғары аймақтар ретінде Жаңа-Семей және Аягөз жол дистанцияларының қарамағындағы участоктар біршама алаңдатқаны рас. Осынау орайда желі бойына шығатын локомотив бригадаларына жіті қырағы болу тапсырылды.

Тыңғылықты тексеру, қырағылықты арттыру нәтижесінде өткен бескүндік демалыс барысы тосын оқиғаларсыз өтті.

## Хабарландыру

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ қызметінің жариялылығын, ашықтығын, сондай-ақ тұтынушылармен мүдделер теңгерімін сақтау мақсатында, 2024 жылға арналған табиғи монополия саласына қатысты реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың алдында қоғамдық тыңдау өткізуді көздеп отыр.**

Аталған тыңдауда қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері, бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы, тұтынушылармен жүргізілген жұмыстар туралы, бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы туралы, көрсетілетін қызметтің сапасы мен перспективалары туралы ақпарат қамтылатын болады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Мемлекеттік тізілімнің республикалық бөліміне мынадай қызметтер бойынша енгізілген:

- Магистральдық теміржол желісі;
- Кірме жолдар;
- Электр энергиясын беру.

Өткізілетін күні: 2025 жылдың 23 сәуірінде сағат 15.00-де (Астана қ. уақытымен) онлайн-трансляция ұйымдастырыла отырып өтеді.

Мекен-жайы: Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6 (Б блогы, 16-қабат, мәжіліс залы).

Сонымен қатар қоғамдық тыңдауға қатысуға өтінімдер 2025 жылдың 22 сәуіріне сағат 15.00-ге дейін 60-37-18, 60-37-17 телефондары бойынша немесе Beisenbayev_a@railways электрондық поштасы арқылы қабылданатынын хабарлаймыз.

## «ЖАС ТЕМІР» – ЖАС МАМАНДАР МҮМКІНДІГІ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да салаға жас мамандарды даярлау мақсатындағы «Жас темір» тағылымдама бағдарламасы сәтті жүзеге асып келеді. Ол теміржол мамандығы бойынша жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге жаңа перспективалар ашуда. Жақында осы бағдарламаға қатысушылармен кездесу өтті.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана



Әу бастан «Жас темір» тағыламдама бағдарламасы теміржол саласында мансап құрғысы келетін жас мамандарды қолдау мен дамыту мақсатында әзірленген болатын. Ол бейінді оқу орындарын бітіріп, тәжірибе жинап, жұмыс жағдайына бейімделіп, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға ниет еткен түлектерге бағдарланған еді. Тағылымдама ҚТЖ-ның әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінде 3 ротацияны құрап, бір жарым жылға созылады, осы уақыт ішінде тағылымдамадан өтушілер нақты жұмыс процестерімен танысып, тәжірибелі жетекшілердің жетекшілігімен өндірістік міндеттерді орындап, заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын үйренеді.

Еске сала кетсек, «Жас темір» бағдарламасының бірінші ағыны 2022 жылы бастау алған-ды. ҚТЖ-ның мамандарға сұранысын талдай отырып және оқу орындарымен тиімді ынтымақтастық орната отырып, Адами ресурстарды басқару департаментінің HR қызметкерлерімен ЖОО түлектері арасында байқау жарияланып, іріктеу жүргізілген еді.

«Байқаудың іріктеу кезеңдеріне 38 жас маман қатысты. Бірақ олардың арасынан бесеуі жеңімпаз деп танылды және әртүрлі құрылымдық бөлімшелерде тағылымдамадан сәтті өтіп, 2024 жылы ҚТЖ-ға жұмысқа тұрды. ҚТЖ басшылығы бұл бағдарламаның тиімді оң көрсеткіштерін негізге ала отырып, бұл бағдарламаны өткен жылы жалғастыруға шешім қабылдады. Осылайша 2024 жылдың мамыр айында бастау алған бағдарламаның екінші ағынына бұл жолы 37 өтінім келіп түсті. Алайда, байқау қорытындысы бойынша бағдарламаға 8 жеңімпаз өтті. Олар ҚТЖ-ның бөлімшелерінде – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалында, «ҚТЖ-Жүк тасымалы», «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» компанияларында таңдаған мамандықтарың бойынша тәжірибе жинақтап, бірінші ротациядан өтіп жатқан мына сендерсіңдер», – деді кездесу кешіне жетекшілік еткен ҚТЖ-ның HR бизнес-серіктесі Алма Сәулебаева.

Бұдан кейін сөз кезегі тағылымдамашы жас мамандар мен олардың тәлімгерлеріне берілді. Жас мамандар бірінші ротация қорытындысы бойынша өздерінің алған тәжірибе-тағылымдамаларын слайдтар арқылы көрсетіп, таныстырылымын жасады.

«Жас темір» бағдарламасына қатысушы алты жас маман – Бибарыс Елеусізов, Айым Саметова, Райбек Сақтағанов, Назира Сейдулла, Снежанна Иманғазина, Гүлмира Тілегенова «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен оның өңірлік филиалдарында, Олжас Сәрсенғалиев «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-да, ал Биязы Бисенова Компанияның «Магистральдық желі дирекциясы» филиалында тағылымдамадан өтіп жатыр екен. Жас мамандар хақында тәжірибелі тәлімгерлер де ой бөлісіп, олардың жұмыстарына ұқыпты, жауапты қарап, тыңғылықты орындайтынын және өздері таңдаған мамандықтарының қыр-сырына терең қанығып, білулеріне қызығушылықтары зор екенін атап өтті. Барлық тәлімгерлер бірінші ротация жұмысы бойынша қамқорлықтарына алған жас мамандарға оң баға берді.

Атап өтерлігі, жас мамандар тағылымдама барысында өндірістік жұмыстарға қатысып қана қоймай, ҚТЖ-ның әлеуметтік өміріне де, «Тұрақты даму», «Тиімді коммуникациялар», «Шешендік шеберлігі» сияқты іскерлік дағдылар мен құзыреттілікті дамытуға бағытталған тренингтерге белсенді қатысып келеді.

Алда стажерлерді жаңа дағдыларды, тренигтер мен белсенді әлеуметтік өмірді игеруге мүмкіндік беретін тағы 2 ротация күтіп тұр. Бұл ротациялар жас мамандарға өндірістік тәжірибе жинақтаумен қатар өздерінің жеке қабілет-қасиеттерін жан-жақты ашып, көрсетуге, дамытуға мүмкіндік бермек. Ал бағдарлама аяқталысымен, тағылымдаманы сәтті аяқтап, өндірістік тапсырмаларды орындау барысында жоғары нәтиже көрсеткен жеңімпаздар ҚТЖ компаниясына жұмысқа тұру және өзінің кәсіби мансабын жалғастыру мүмкіндігіне ие болмақ.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАТЫНЫ ЕСКЕРТІЛДІ

ҚАУІПСІЗДІК

**Жіңішке станциясының қызметкерлері мен теміржол сақшылары көктемгі каникул алдында мектептерді аралады. Оқушыларға теміржол өткелдерінде сақ жүру, станция маңын ойын алаңына айналдырмау түсіндірілді.**

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Жіңішке



Жіңішке – жүк станциясы. Өңірдегі феррокорытпа және хром қоспаларын өндіретін ірі зауыттармен тікелей жұмыс істейтін бірінші класты станцияда жүк құрамдарының қозғалысы үздіксіз жүріп жатыр. Жіңішке арқылы АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Франция, Германия, Қытай, Ресей елдеріне жүк жөнелту жолға қойылған. Сондықтан мұнда қауіпсіздік шаралары басты назарда.

Теміржолшылар мен желілік тәртіп сақшыларынан құралған топ 19 наурыз күні станцияға жақын орналасқан №36 мектепке барды. Оқушылармен кездесуде теміржол өткелдерінде ілінген ескерту белгілеріне назар аудару қажеттілігі айтылды. Жіңішке станциясы жолаушыларға арналмаған, мұнда жүздеген тонна жүк тиеп, жөнелтілетін жүк вагондары өтеді. Оның жылдамдығы бөлек, шұғыл тоқтау тіпті де мүмкін емес. Сондықтан оқушыларға теміржол өткелдерінде бейқам болмау ескертілді. Осыған дейін болған қайғылы оқиғалардан мысалдар айтылды. Қауіпті аймақта бейғамдық танытып қапияда ажал құшып қаза болғандар, жарақат алған жағдайлар бойынша оқиғалар баяндалды.

«Өткелде барлық ескерту белгілері бар. Алайда жүргіншілердің бейқамдығы басым. Жол өткелдерінде түрлі жағдайға ұшырып, жылжымалы құрам қозғалысына кедергі келтіріп жатқандар аз емес», – деді Жіңішке станциясы басшысының орынбасары Әлібек Жұмабаев.

Желілік полиция бөлімінің инспекторы оқушыларға ереже бұзу жауапкершілікке әкеп соғатынын түсіндірді. Балалардың қолымен жасалған бұзақылық, бүлдіру, жолға шығу жағдайларына ата-аналар жауапқа тартылатынын ескертті.

*Суретті түсірген автор*

## ТАБЫСТЫ БОЛУҒА МҮДДЕЛІ

КӨРСЕТКІШ

**«Теміржолсу» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ көлік инфрақұрылымының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ол сумен және жылумен жабдықтау, ағын суды бұру міндеттерін орындап, сондай-ақ кешенді-мердігерлік қызметтерді көрсетеді. Тарих қойнауына табысталған өткен жыл компания үшін айтарлықтай өзгерістер мен тиімді шешімдер жылы болды.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

«Әлеуметтік жүктемесі жоғары инфрақұрылымдық объектілерді, яғни абоненттер санатындағы тұрғындарды жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) коммуналдық меншігіне беру бағдарламасы шеңберінде 2024 жылы бастапқыда межеленген 15 100 абоненттің орнына 18 579 абонент берілді. Бұл шығындарды қысқартуға және қаржылық нәтижені 200 млн теңгеге жақсартуға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс 2025 жылы да жалғасады», – дейді «Теміржолсу» АҚ бас директоры Түсіпбек Қойшығұл.

Оның айтуынша, «Теміржолсу» АҚ табысты арттыру стратегиясын тұрақты түрде іске асырып келеді. Мәселен, 2024 жылы тарифтік саясатты қайта қарау нәтижесінде компания қызметтеріне орташа тариф айтарлықтай өсіп, бұл кіріс бөлігінің белгілі бір өсімін қамтамасыз еткен. Сонымен қатар теміржол көлігінің көмекші қызметі мәртебесіне қол жеткізілген. Бұл өз кезегінде теміржол инфрақұрылымына техникалық сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда қызмет аясын кеңейтуге мүмкіндік беріп отыр.

«Осыған байланысты Магистральдық желі дирекциясы мен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-мен бірлесіп, 2025 жылдың екінші тоқсанында Қарағанды-Сұрыптау және Қызылорда учаскелерінде техникалық сервистік қызмет көрсету бойынша пилоттық жобаларды іске қосу жоспарланып отыр. Оны кейін жолдың барлық бөлімшелеріне масштабтау жоспарлануда. Бұдан бөлек «Теміржолсу» АҚ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ ғимараттары мен құрылыстарына, атап айтқанда АБК ғимараттары, ЭЧ, ШЧ бекеттері, ӨСБ РЭП, теміржол вокзалдарына орталықтандырылған негізде ағымдағы жөндеу бойынша жоғары сапалы кешенді-мердігерлік қызметтер көрсетіп келеді. Мәселен, 2022 жылы 101 нысан, 2023 жылы 349 нысан және 2024 жылы 328 нысан ағымдық жөндеуден өтті», – дейді компания басшысы.

Шығындарды оңтайландыру бойынша бірқатар іс-шараларды өткізуге байланысты жалпы көрсеткіштер компания динамикасының жақсарғанын көрсетеді. Оны өндірістік бағдарламаны орындау өсімінің 2023 жылмен салыстырғанда 19%-ды құрауынан; теміржол саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ объектілерін ағымдағы жөндеу бойынша орындалған жұмыстар санының 3 есеге, яғни 101-ден 328 объектіге дейін артуынан, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның компания жұмысына тапсырыстар көлеміндегі үлесінің 2022 жылғы 38%-дан 2024 жылы 96%-ға дейін ұлғаюынан көруге болады.

Келесі жылы «Теміржолсу» АҚ тарифтік саясатты оңтайландыру, сервистік қызметтерді кеңейту және жергілікті атқарушы органдарына инфрақұрылымды беру бағытындағы жұмыстарын жалғастыратын болады. Осы арада негізгі басымдық пилоттық жобаларды масштабтау, жұмыс тиімділігін арттыру және қаржылық көрсеткіштерді жақсартуға берілмек.

№22-23 (3061-3062) 28/03/2025

## Паводок

# К ЭКСТРЕННЫМ ДЕЙСТВИЯМ ГОТОВЫ

**Костанайских локомотивщиков готовят к экстренным действиям в период паводка.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

На путях Костанайского отделения грузовых перевозок есть определенные участки, где в период паводка возможно возникновение скопления воды. Как действовать в таких случаях – вот задача, которую решают сегодня локомотивные бригады.

С ними проводится инструктаж. Машинистам объясняют, как действовать, если во время следования по пути бригада заметит скопление воды на путях либо вблизи путей. Первым делом им нужно будет сообщить о ситуации в службы по экстренному пропуску воды. Сейчас эти службы проводят очистку водопропускных труб под путями. Кстати, все паводкоопасные места нам известны, у нас есть выписки, и ими мы обеспечиваем наши локомотивные бригады.



Помимо подготовки к паводку, костанайские локомотивщики готовятся и к грядущему весенне-летнему сезону. В порядок приводится локомотивный парк, ведутся обучение и инструктажи с личным составом. Идет подготовка и к покраске, чистке локомотивного парка. Все для того, чтобы встретить очередной сезон обновленными. Кстати, планы по грузоперевозке в Костанайском отделении регулярно перевыполняют. Оъемы продолжают расти, говорят костанайские железнодорожники, и это их вдохновляет.

*Фото автора*

# УЧЛИ ОПЫТ ПРОШЛОГО ГОДА

**После февральских вьюг и снегопадов весна пришла с внезапным теплом, дождями и интенсивным снеготаянием. В прошлом году паводок стал стихийным бедствием для Приуралья. Однако уральские железнодорожники сумели подготовиться к большой воде своевременно, обеспечив темп и безопасность перевозок. В этом году учли опыт 2024 года.**

**Анна МАРЬИНА,**
Уральск

В верховьях Урала уже с середины февраля Ириклинское водохранилище (Оренбург, РФ) увеличило сброс воды, чтобы обеспечить запас свободных объемов для принятия талых вод. В Западно-Казахстанской области противопаводковые мероприятия начаты тоже с февраля, при департаменте ЧС создан областной оперативный штаб, действует горячая линия.

Как сообщили замдиректора уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» Еркен Сахтанов и замдиректора Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону Орал Уксакбаев, руководители структурных подразделений и станций осуществляют постоянный контроль ситуации по вверенным предприятиям и участкам, установлен круглосуточный контроль мест, имеющих угрозу размыва земляного полотна железной дороги, а также круглосуточное оперативное взаимодействие дежурно-диспетчерского аппарата с ДЧС ЗКО.

Сформирован противоразмывный поезд для ликвидации последствий стихии, в составе которого две платформы с бутовым камнем – в общей сложности 50 кубометров, две платформы, груженные железобетонными шпалами в количестве 160 штук, одна платформа с рельсовым пакетом и вагон с инструментами, мешками с песком и другими материалами водоборьбы. Восстановительный и пожарный поезда находятся круглосуточно в боевой готовности.

Для мониторинга состояния путей задействованы пять маневровых локомотивов. Локомотивные бригады ознакомлены с особо опасными местами по пропуску ледохода и паводковых вод, а таковых по Уральскому региону установлено 32. На указанных опасных местах организовано освещение и круглосуточное дежурство ответственных работников. Также для машинистов поездов объявлен режим особой бдительности по мониторингу паводковой ситуации с немедленным оповещением поездного диспетчера для принятия оперативных мер.

К середине марта полностью завершена очистка искусственных сооружений и прилегающей инфраструктуры от снега, льда и мусора для обеспечения пропуска воды. В их числе 134 моста, 18 водопропускных труб, 89,6 километра кюветов, 7,8 километра нагорных канав и 63,5 километра водоотводных канав. Произведены замеры русел водотоков под мостами через реку Урал и его притоков рек Чаган и Илек. В частности, на перегоне Уральск – Уральск-Товарная (1 286 км) допустимый максимальный уровень реки Чаган семь метров, на перегоне Жилаево – Пойма (1 304 км) допустимый максимальный уровень реки Урал – 9,5 метра, на перегоне Чингирлау – Уютный (1 491 км) допустимый максимальный уровень реки Илек семь метров.

В настоящее время уровни всех указанных рек не превышают трех метров. Между тем на малых реках в Западно-Казахстанской области уже начался подъем воды, в ряде районов произошли переливы талых вод через автодороги. Для железнодорожных путей опасности на данный момент нет.

## Безопасность

# ИСПРАВНЫЕ ВАГОНЫ – ЗАЛОГ НАДЕЖНОСТИ

**Осмотрщика вагонов ПТО станции Оскемен-1 Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Айдына Мусина наградили премией за внимательность и бдительность во время четерехмесячника «Контроль боковой рамы». Он проходил с 18 ноября 2024 года по 18 марта текущего года.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Как сообщил начальник ПТО станции Оскемен-1 Шалкар Калмакпаев, во время проведения четырехмесячника был один зафиксированный случай обнаружения дефекта боковой рамы – раковины на полке над буксовым проемом глубиной 13 миллиметров в боковой раме. Выявил его именно Айдын Мусин. Это произошло 11 декабря прошлого года при техническом обслуживании грузового поезда на станции Оскемен-1.

– Выявленный дефект в дальнейшем нашел подтверждение при расследовании этого случая. Соответственно, Айдын Мусин обеспечил безопасность движения поездов, предотвратив тяжелые последствия. Мы направили ходатайство и необходимые



материалы на рассмотрение комиссии департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ», и они были одобрены. Айдын получил премию в размере 15 МРП, – говорит начальник ПТО станции Оскемен-1 ВЧД-24 Шалкар Калмакпаев.

По его словам, премии за проявленную бдительность и предотвращение опасных ситуаций на железной дороге получили также осмотрщики вагонов ПТО станции Оскемен-1 Жаркын Бейсенбаев и Асылжан Ардабаев, но они обнаружили дефекты в автосцепных устройствах.

Асылжан Ардабаев во время технического обслуживания грузового поезда 20 октября 2024 года выявил трещину большого зуба автосцепки. Жаркын Бейсенбаев обнаружил дефект в автосцепном устройстве 8 ноября прошлого года.

– Мы уделяем внимание исправности вагонов круглый год, особенно литых деталей, боковины, надрессорной балки, автосцепки, независимо от месячников, – объясняет Шалкар Калмакпаев. – От их состояния зависит безопасность движения поездов.

*Фото автора*

# СОВМЕСТНЫЕ УСИЛИЯ

**В рамках объявленного месячника «Безопасность труда – ответственность каждого» на станциях Уштобе и Бесколь проведены технические занятия по вопросам безопасности и охраны труда.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область

В мероприятии приняли участие локомотивные бригады, осмотрщики вагонов, дежурные по станции, составители поездов, словом, все причастные к перевозочному процессу. Начальник отдела безопасности и охраны труда и экологии филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматинское отделение ГП» Алтынай Сейльханова озвучила все случаи травматизма, допущенные в 2024 году в целом по компании, требования безопасности на рабочих местах, при выполнении маневровой работы, технологического процесса.

Алтынай Валерьевна подчеркнула, что безопасность труда – это ответственность каждого работника, отметив при этом, что проведение подобных технических занятий играет важную роль в предотвращении несчастных случаев и создании безопасных условий труда на рабочих местах.

– Одними из главных проблем являются игнорирование инструкций по использованию средств индивидуальной защиты, нарушение стандартов эксплуатации оборудования, а также беспечность и невнимательность, которые неприемлемы для работы на железнодорожном транспорте, – отметила Алтынай Сейльханова.

На занятиях говорилось, что для снижения уровня травматизма необходимо регулярно обучать работников правилам безопасности и охраны труда. Проведение технических занятий, инструктажей и практических тренировок помогает повысить осведомленность сотрудников о возможных рисках и мерах их предотвращения.

Также было отмечено, что в вопросах безопасности труда должны быть заинтересованы не только сами работники, но и первые руководители, а также профсоюзные работники.

Чтобы занятия были более плодотворными, Алтынай Валерьевна применила формат деловой игры. Такой подход позволил участникам не только изучить теоретические аспекты охраны труда, но и на практике разобрать возможные производственные ситуации. А также научить оперативно реагировать на потенциальную опасность и находить безопасные решения. Безусловно, интерактивный формат повысил вовлеченность сотрудников и сделал обучение более эффективным.

# ПУТЕШЕСТВИЕ БЕЗ БАРЬЕРОВ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Астана

СОЦИУМ

**Граждане, сопровождающие людей I и II группы инвалидности, а также детей с особыми потребностями смогут приобрести льготные железнодорожные билеты с 50-процентной скидкой.**

Министерство транспорта РК предложило внести ряд изменений в Правила перевозок пассажиров, которые расширяют льготы для людей с особыми потребностями и их сопровождающих при поездках на железнодорожном транспорте.

Кроме того, теперь человеку с особыми потребностями нет необходимости предъявлять подтверждающие документы и справки из медицинских учреждений при посадке в пассажирский поезд. Профильное ведомство упростит процедуру подтверждения. Из пункта 44 Правил перевозок пассажиров исключается требование предоставления подтверждающих справок и документов. Информация будет автоматически проверяться через специальную базу данных. Это мера направлена на защиту прав лиц с особыми потребностями.

Над этими нововведениями работали сотрудники Комитета железнодорожного и водного транспорта МТ РК. В настоящее время данные изменения находятся на стадии утверждения. Ожидается, что новые правила вступят в силу во втором полугодии 2025 года.

Напомним, что на сегодняшний день действует 50-процентная льготная скидка для граждан с особыми потребностями всех групп на проезд по социально значимым маршрутам.

В целях создания комфортных условий для пассажиров с особыми потребностями заключен контракт с отечественным производителем АО «ЗИКСТО» на поставку 157 новых пассажирских вагонов, из которых 14 вагонов специально оборудованы для людей с ограниченными возможностями. В текущем году уже поступило четыре вагона, еще 10 планируется запустить до конца года.

Дополнительно, в период с 2025 по 2030 год в рамках соглашения с заводом «Штадлер – Казахстан» в страну поступит еще 557 пассажирских вагонов, из них 35 будут оснащены специальными купе для пассажиров с особыми потребностями.

# КОНТРОЛЬНЫЙ НАДЗОР

**Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар

ОСМОТР

**За первый квартал 2025 года ревизоры во время осмотров выявили более 1 200 замечаний, которые касались нарушений требований нормативно-технической документации и нормативно-правовых актов в сфере железнодорожного транспорта.**

По результатам проверки было принято более 220 запретных мер.

– На безопасность движения поездов оказывают влияние внешние причины: несоблюдение водителями правил дорожного движения при проезде через железнодорожные переезды, нахождение посторонних физических лиц на железнодорожных путях, безнадзорно пасущийся скот, – рассказывает главный региональный ревизор департамента безопасности движения по Павлодарскому участку Талгат Мурзакаримов. – Отдельно хотелось бы остановиться на железнодорожных переездах. Это участки дорог, где железнодорожное полотно пересекается с автомобильной, крайне опасный отрезок, требующий предельной внимательности и бдительности водителя, ведь столкновение с поездом оставляет мало шансов на выживание людей, находящихся в автомобиле, создает риски к случаям схода поездов. Основная причина дорожно-транспортных происшествий и экстренных торможений поездов на переездах – нарушение правил проезда водителями автотранспортных средств.

Наезд на скот ведет не только к гибели скота, но и к финансовому ущербу, задержке в пути и сбою в графике движения пассажирских и грузовых поездов. В отдельных случаях может привести к сходу подвижного состава с рельсов, при повреждении вагонов с опасными грузами создает угрозу для окружающей среды. Самое главное – в результате экстренного торможения возникает опасность травмирования пассажиров и локомотивных бригад.

На сегодня проблемные переезды: Астана – Ерейментау перегона Ерейментау – Едыге на 131-м километре.

## Объявление

**АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в целях соблюдения гласности, транспарентности деятельности, а также соблюдения баланса интересов с потребителями, намерено провести слушание перед потребителями услуг и иными заинтересованными лицами о деятельности по регулируемым услугам, относящимся к сфере естественной монополии за 2024 год.**

На данном слушании будет освещена информация об основных финансово-экономических показателях деятельности, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, об объемах предоставленных регулируемых услуг, о проводимой работе с потребителями услуг, о постатейном исполнении утвержденной тарифной сметы, о перспективах деятельности и качестве предоставляемых услуг.

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» включено в республиканский раздел Государственного регистра по следующим услугам:

- магистральной железнодорожной сети;
- подъездных путей;
- по передаче электрической энергии.

Дата проведения: 23 апреля 2025 года в 15.00 часов (по времени г. Астаны) по адресу: город Астана, улица Кунаева, 6 (блок Б, 16-й этаж, зал совещаний), в том числе с организацией онлайн-трансляции.

Кроме того, сообщаем, что заявки на участие в публичном слушании принимаются до 15.00 часов 22 апреля 2025 года по контактным телефонам: 60-37-17, 60-37-18, или на электронную почту Beisenbayev_a@railways.kz.

ҚТ rail-news.kz
№22-23 (3061-3062) 28/03/2025



# САЛТАНАТТЫ ШЕРУ ӨТТІ

**Арыс қаласының орталық алаңында Әз-Наурыз кең көлемде тойланды. Мұнда тұратын 45 мың тұрғынның 5 мыңнан астамы теміржол саласының түрлі мекемелерінде еңбек етеді. Сондықтан да бұл Түркістан облысы бойынша теміржолшылар көп шоғырланған қала санатына жатады.**

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Арыс

Қала деңгейінде кең ауқымда тойланған мерекеде Арыс теміржол торабының мекемелері – Арыс станциясы мен ВЧД-30, ТЧЭ-32, ПЧ-54, ШЧ-38 және Әскерилендірілген теміржол күзеті өкілдері бірнеше үй тігіп, «Теміржолшылар ауылын» тікті. Сөйтіп, оның ауласында ұлттық спорттың 5 түрінен – асық ату, арқан тарту, ләңгі тебу, қол күресі және қошқар көтеру сынды сайыстар өткізді. Ал «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ бірлестігінің Шымкент филиалының атсалысуымен өнер көрсеткен әрбір қатысушыға бағалы сыйлықтар табыс етілді. Келген қонақтарға ұлттық тағамдардан дәм ұсынып, құрмет-қошеметтің үлгісін көрсетті. Ән, жыр айтып, өз өнерлерін паш етті.

Сондай-ақ сән-салтанаты жарасқан ақбоз үйге қала әкімі Қ.Маңқараев та елмен бірге бас сұғып, жергілікті теміржолшыларды Әз-Наурыз мейрамымен құттықтады. Ал күн ұзаққа созылған мерекелік жиында өнер көрсеткен теміржолшыларды Шымкент ЖТ бөлімшесінің бас инженері Іляс Нұржанов марапаттап, бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыстады. Айта кетейік, Арыста Наурызнама онкүндігі аясында ұлттық киімдер күніне арналған «Наурыз көктем – Этно Fashion» атты ерекше флешмоб пен шеру өткен болатын. Қаланың басты көшелерінің бірі – Әл-Фараби даңғылы бойынан бастау алған салтанатты сәндік шеру Орталық алаңда қорытындыланды. 500-ге жуық қала тұрғыны мен қонақтарды қамтыған бұқаралық сипаттағы мұндай жиынға арыстық теміржолшылар да белсенді қатысты.

*Суретті түсірген автор*

# ТЕМІРЖОЛШЫЛАР АУЫЛЫНДАҒЫ ТОЙ

**Ұлыстың ұлы күнін ҚТЖ ұлттық компаниясы әдеттегідей «Нұрлы жол» вокзалы аумағында дүркіретіп атап өтті. Теміржолшылардың этноауылында 6-7 киіз үй тігіліп, компания қызметкерлерінің өз күшімен ұлттық өнеріміз бен дәстүрді дәріптеген концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана



Келген қонақтар әр киіз үйге бас сұғып, ұлттық тағамдардан, наурыз көже, бауырсақ пен палаудан ауыз тиді және салт-дәстүріміздің сан түріне куә болды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев бастаған компанияның басшылық құрамы құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдар тіккен алты қанат ақ үйлерге кіріп, ақтан ауыз тиді, өнерпаздардың концерттік бағдарламасын тамашалады. Сондай-ақ Наурызнама онкүндігіне ерекше атсалысқан ұжымдарды марапаттады.

Жалпы биылғы Наурыз Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналды. Сондықтан әр мекеме түркі халықтарының мәдениетін, ұлттық ән-биін көрсетіп, тағамдарын ұсынды. Атап айтқанда, олар қазақ, әзірбайжан, татар, түрік, түрікмен, өзбек халықтарының ерекшелігін паш ететін өнерін көрсетті. Әр киіз үйде қазақ қолөнершілері мен мүсіншілері, зергерлерінің туындылары қойылған көрме ұйымдастырылды.

Этноауылдағы киіз үйлердің бірінде өткен думанда компания басшысы тұсаукесер рәсіміне қатысып, 3 теміржолшының баласының тұсауын кесті. Магистральдық желі дирекциясы тіккен ақбоз үй Қазақ ауылы ретінде көш бастады. Түрікмен ұлтының өнерін көрсеткен «Кедентранссервис» АҚ киіз үйінде суретшілер, зергершілер мен мүсіншілер еңбектері қойылып, қазақтың белгілі тұлғаларының қола, мыс және балшықтан жасалған мүсіндері ұсынылды. Дастархан жайылып, келушілерге ұлттық тағамдар берілді. Татар халқының мәдени ерекшелігін көрсеткен «Қазтеміртранс» АҚ үйінде киізден жасалған бұйымдардың көрмесі өтті.





– Біздің мекеме киіз үй ішінде көрпенің, құрақтың жасалу жолын көрсеттік. Қолөнерге бейімі бар қызметкерлеріміз ұлттық ою-өрнектің мәнін, қайда қолданылатынын айтты. Сосын киіз үй алдында түріктің биін билеп, ұлттық тағамдарын ұсындық. Биылғы Наурыз ҚТЖ-да өте ерекше және жоғары деңгейде өтті, ұлттық мейрамның осылай жылдан-жылға жаңғыра түскені қуантады, – дейді «KTZ Express» АҚ ұйымдастыру және бақылау қызметінің жетекшісі Айжамал Қуаныш.

Әзірбайжан халқының өнерін «Жолаушылар тасымалы» АҚ көрсетсе, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қызметкерлері өзбек халқының мәдениетін паш етіп, ұлттық киімдерімен өнер көрсетті.

Этноауылдағы әр киіз үйдің алдында асық ату, арқан тартыс, гір көтеру, қой көтеру сынды ойындар ойнатылды. Киіз үйлердің бәрі ұлттық нақышта безендіріліп, әр үйдің алдында ұлттық киім киген, қолына қыран бүркіт, қасына құмай тазы ерткен қыз бен жігіттер келген қонақтарды қарсы алып тұрды. Негізгі сахнада компанияның өнерпаз қызметкерлері ән мен биден шашу шашты.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

**Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты құрылымдық мекемелер кәсіподақ ұйымының қолдауымен Ұлыстың ұлы күнін бірге атап өтті.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Ақжайық станциясының алдындағы кең алаңға 6 киіз үй тігіліп, қала басындағы Ақжайық, Атырау, Махамбет және Теңдік станциялары бір киіз үй, ПЧ мен ЭЧ, вагон және локомотив деполары, НОД пен НЖС әрқайсысы бір киіз үйден құрды. Соған сәйкес халық та көп жиналып, бұл нағыз бұқаралық сипаттағы тойға айналды. Шараны қос бөлімше басшылары құттықтау сөзбен ашып, жаңа жылда жаңа белестерге шығуды, наурыздан наурызға аман жетуді тіледі. Бір-бірін көптен көрмеген дария кеуде, тау мүсін қариялар, ұлттық киімді дәріптеп кимешек киген әже-аналар көрісіп, шұрқырасып жатыр. Орта және жас буын да олардан қалысар емес, бәрі де ұлттық киіммен жарасымды киінген. Теміржолшылардың өз күшімен даярланған мерекелік концерт те тыңдармандарға шуақты көңіл-күй сыйлады. «Ел іші – алтын кеніш» демекші әнші



де, күйші, биші де теміржолшылардың өздері, өнер жұлдыздарынан бір кем емес. Сайдың тасындай бірінен-бірі озған ылғи өнерпаз жастар мерекеге жиналған жарты миллионға жуық қонақтың көңілін көтеріп жіберді. Ұлттық салт-дәстүрден аттамаған халық ретінде тұсау кесу рәсімі жасалды. Атырау вагон депосының вагон жөндеушісі Бегарипов Абылайдың ұлы Айтөренің тұсауын бөлімше бастығы Аслан Базарғалиев кесіп, үлкен азамат болуын тіледі. Ұлыстың ұлы күні дүйім жұрттың алдында тұсауы кесілген баланың бағы артып, жұлдызы жоғары болсын десті көпшілік. «Жаңбырмен жер, батамен ел көгерер» деп концерт соңынан сала ардагері Кенже Айтбаев ақсақал жиналғандарға бата берді.

Дастархан басында да әр киіз үйдің ішінде сырнайлатқан әншілер, күйшілер мен бишілер өнер көрсетіп жатты. Ақжарма тілектер легі ағылып, жастарға бата берілді. Наурыз көже, құрт-май, жент, сүзбе, қымыз бен шұбат, басқа да ұлттық тағамдар қай үйде де мол болды. Ағаштан ойып жасалған және зергерлік ұлттық бұйымдар жәрмеңкесі де өтті. Далада алтыбақан тебіліп, балалар атқа мінді. Ұлттық ойындар ойналып, кір тасын көтеру, арқан тарту, асық ату ұйымдастырылды. Онда арқан тартудан ТЧЭ-3, асық атудан машинист Ч.Жарасқан, кір тасын көтеруден Р.Аңдамасов (ПЧ-9), қол күрестен А.Асқарбақыт (ТЧЭ-3) 1 орын иеленді. Үздік киіз үйге де бәйге тігіліп, ПЧ-ЭЧ киіз үйі ұлтық нақышта өрнектелген әрі ұядай жылылығымен тартымды болды. Кәсіподақ ұйымдары мол қаражат бөліп, барлық ұжымның бірлесе бас қосуын ұйымдастыруының арқасында биылғы Наурыз мерекесі ерекше мазмұнды өтті.

*Суретті түсірген автор*

# ҰЛТТЫҚ РУХ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



**Наурыз мейрамы Қызылорда өңірінде ерекше сән-салтанатпен тойланып, теміржолшылар қауымы да бұл мерекені мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде атап өтті.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы Ұлыстың ұлы күнін он күн бойы түрлі ұлттық дәстүрлермен ұштастырып атап өтіп, 22 наурыз күні Өнер орталығы алаңында облыстық деңгейдегі «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем» атты мәдени-көпшілік шарамен жалғастырды.

Бөлімше басшысы Ербол Сәулебеков бастаған ұжым мүшелері мерекелік жиынға теміржолшы формасын ұлттық киімге ауыстырып, ерекше сән-салтанатпен келді.

Теміржолшылардың Наурыз мейрамын жоғары деңгейде ұйымдастыруы олардың тек қызметте ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде де белсенді екенін дәлелдеді. Ұлттық рухты ұлықтаған мерекеде киіз үйлер тігіліп, тайқазанда наурыз көже әзірленіп, келген қонақтарға ұсынылды. Ұлттық тағамдардың дәмін татқан жандар ақ тілегін жаудырып, береке-бірлік тіледі.

– Биыл Наурызнама онкүндігінің әр күніне арнайы шара ұйымдастырылды. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері теміржолшылардың сомдауымен көрініс тапты. Теміржолшылар – ел экономикасының ілгерілеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген еңбек адамдары. Олар тек қызметте ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде де жоғары деңгейлерін көрсетті. Наурыз мерекесі бүгінде ұлттық рухта тәлім-тәрбие беретін даналық мектебіне айналды. Осы ұлылық мектебінің тағылымы баршамызға үлгі, – дейді бөлімше директоры Ербол Тәңірбекұлы.

Сисен Шермаханов, Ғалымжан Исағалиұлы, Марат Оспанов бастаған сала ардагерлері мерекелік шараға арнайы шақырылып, оларға ерекше құрмет көрсетілді. Ақсақалдар теміржолшыларға ақ батасын беріп, кәсіптеріне өркендеу тіледі.

Бауыржан Ахметов бастаған «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы мен бөлімшенің спорт секторы Бақытжан Имбергенов арнайы сайыстар ұйымдастырып, арқан тарту, қол күресі, кір тасын көтеру секілді ұлттық ойындар мереке көркін аша түсті. Арқан тарту сайысында 1-орынды Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы, 2-орынды Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы, 3-орынды Қызылорда теміржол вокзалының құрамасы иеленді.

Теміржолшының білек күшімен бірге болмысы да сыналатын гир көтеру бәсекесінде А.Шәкірбек (НЖС-10) жеңіске жетсе, Б.Мамбеталиев (ТЧЭ-34) пен Б.Рауан (НЖС-10) жүлделі орындарға ие болды. Қол күресі сайысында А.Шәкірбек бірінші орынды еншілесе, Төлепберген Асылхан (НЖС-10) мен Мұхтар Дәулет (НЖС-10) жүлделі орындарды өзара бөлісті.

Наурыз мерекесінде тігілген әрбір үй өзіндік атауға ие болып, теміржолшылардың алты қанат ақ үйі «Керуен сарай» аталды. Бұл – теміржолдың ежелгі керуен жолдарының жалғасы екенін бейнелейтін символикалық атау болды. Бұрынғы заманда керуен сарайлар жолаушылар мен саудагерлер үшін тынығу орны болса, бүгінде теміржол бекеттері сол міндетті атқарады. Теміржолшылардың еңбегі – адамдар мен тауарлардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Сондықтан «Керуен сарай» атауы олардың кәсібіне деген құрметті де білдіреді. Керуен сарайларда қызмет жасаған бабалары секілді бөлімше теміржолшылары да келген-кеткен жолаушыларды ас-сусыз қайтармай, жеті түрлі дәннен дайындалған наурыз көжемен сыйлап, ақ бауырсақтан дәм татқызды. Ал көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған өнерпаздар мен спортшыларға кәсіподақ ұйымының төрайымы Салтанат Махмутова бағалы сыйлықтар табыс етті.

*Суретті түсірген автор*

# АЛТЫ ҚАНАТ АҚ ҮЙ ТІКТІ

**Ұлыстың ұлы күнінде түбек теміржолшылары аудан орталығындағы алаңға үй тігіп, Мұнайлы ауданындағы мекемелермен бірге атап өтті. Алты қанат ақбоз үй Маңғыстау жүк тасымалы және Маңғыстау магистральдық желі бөлімшелерінің атынан бой көтерді.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Бұл үй екі күн бойы келген қонақтарды қарық қылды. Наурыздан бір күн бұрын теміржолшылар онда ауызашар беріп, ораза ұстаған жандарға қызмет етсе, мерекеде ауданның Наурыз тойына атсалысып, қала тұрғындарын, сала ардагерлерін қарсы алды. Қос бөлімшенің басшылары Нәжімеден Ғұбашов пен Ерназар Ізтұрғанов та сол жерден табылды. Жиналған жұртты Наурыз мейрамымен құттықтаған олар жылы лебізін білдіріп, әріптестерімен бірге мерекелік іс-шараны атап өтті.

Наурызға арналған тағы бір үй мерекеге бірер күн қалғанда Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының да ауласында тігілген болатын. Онда сала кәсіподағының қолдауымен ұлттық дәстүрді жаңғыртып, мерекелік көңіл көтеретін ойындар өткізілді. Теміржолшылар ұлттық спорт түрлерінен жарысып, ұлттық көріністерді сахналады.

Ұлттық спорт ойындары бойынша, ләңгі тепкен жігіттер қатарында жүлделі орындарды телім басшысы Мұхтар Кужекбаев, дәнекерлеуші Жетпісбай Колбаев, радиобайланыс электромеханигі Қалнияз Ізбасов жеңіп алды. Арқан тартуда бірінші орын шеберхана цехының, екінші орын СОБ Маңғыстау цехының, үшінші орын радиобайланыс цехының тобына бұйырды. Гір тасын көтеруде арнайы техника жүргізушісі Талғат Демеген, СОБ электромеханигі Дәулет Жалғасов, Дәнекерлеуші Жетпісбай Колбаевтың алдына ешкім түсе алмай, білекті жігіттер бас жүлделерді алды. Дистанцияның әйел-қыздар қауымы да нәзік болмыстарына қарамай сайысқа келгенде күштің «атасын» танытты.

Бірінші орынды радиобайланыс электромеханигі Маржан Иманғалиева, екінші орынды байланыс электромеханигі Гүлшат Кемалова, үшінші орынды инженер Мая Ақназарова еншіледі. Ер азаматтардың да қол күресі қызықты өтті. Бірінші орын арнайы техника жүргізушісі Талғат Демегенге, екінші орын КТСМ электромеханигі Қуаныш Қылышаевқа, үшінші орын электромонтер КИП СЦБ Серікбол Смайловқа бұйырды.

Сайыс жеңімпаздарының барлығы бағалы сыйлық және дипломдармен марапатталды. Дәл осындай наурыз-думан Болашақ, Бейнеу теміржолдарында да өтіп, ұлыстың ұлы күні кең көлемде тойланды.

*Суретті түсірген автор*

№22-23 (3061-3062) 28/03/2025

# С БОЛЬШИМ РАЗМАХОМ

**Широко отпраздновали праздник Наурыз в Костанайском регионе.**

**Аслан КУДАБАЕВ,** Костанай



В честь великого праздника весны, знаменующего начало нового года по мусульманскому календарю, на привокзальной площади станции Костанай, а также внутри вокзала были установлены праздничные билборды, а также две юрты. Большая на улице и чуть меньше – на втором этаже вокзала. А на площади рядом с главной юртой был организован праздничный концерт, где перед зрителями-коллегами и гостями праздника выступали творческие коллективы костанайских железнодорожников. А в самих юртах железнодорожников ждало угощение, приготовленное для них профсоюзом, а также от отделений магистральной сети и грузоперевозок.

На дастархане дымились горячие баурсаки, праздничный плов, наурыз көже. В первую очередь в юрту зашли почетные гости – ветераны железной дороги, а потом уже все остальные.

– Праздник удался на славу, – говорит председатель совета ветеранов-железнодорожников Раушан Абишева. – Мы рады, что наши молодые коллеги не забывают нас, оказывают почет. С праздником Наурыз всех!

В свою очередь от лица руководства компании всех присутствующих поздравили руководители и заместители профсоюза, отделений грузовых перевозок и магистральной сети.

– Дорогие ветераны, коллеги и гости праздника! В этот день хочу пожелать вам и нашей компании процветания, новых успехов и стойкости в это непростое время. Пусть ваш дастархан будет также полон, а работа на железной дороге успешной! – сказал директор Костанайского отделения магистральной сети Нурлан Сыдырманов.

Помимо Костаная празднование Наурыза также прошло на других станциях региона. Особенно запоминающимся он был на станции Тобол, где помимо юрт прошел целый парад всадников в национальных костюмах с флагами. А также на станции Арка, где были организованы представления с национальными персонажами.

*Фото автора*

# ЛУЧШИЕ ПО ИТОГАМ ГОДА

**В преддверии Наурыз мейрамы в ТОО «Қамқор Локомотив» традиционно подвели итоги работы за прошедший год и отметили лучшие предприятия, руководителей и наставников.**

**Любовь РОВБА,** Астана



По результатам рейтинговой оценки, учитывающей производственные показатели, внедрение передовых технологий и организацию рабочих процессов, звания «Лучшее предприятие-2024» и «Лучший руководитель» среди электровозоремонтных предприятий присвоили Атбасарскому электровозоремонтному заводу и его руководителю Нугану Султангазину, среди тепловозоремонтных предприятий – сервисному центру Шалкар филиала «Актобинское локомотиворемонтное депо» и его руководителю Еркебулану Жаксылыкову.

Кроме того, в рамках празднования Наурыза в Астане состоялась торжественная церемония награждения победителей ежегодного конкурса «Золотая каска», целью которого является обеспечение «нулевого травматизма» и вовлеченности коллективов в вопросы безопасности и охраны труда. Он проводится в партнерстве с компанией Transportation Global LLC.

Победу в конкурсе одержали трудовые коллективы Атбасарского электровозоремонтного завода и Производственного участка Алматы филиала «Аякозское локомотивное депо».

Директору филиала «Атбасарский ЭРЗ» Нугану Султангазину и заместителю директора по производству Производственного участка Алматы ЛРД Аякоз Серику Касымову вручили символы конкурса – золотые каски.

– Безопасность труда является приоритетом для «Қамқор Локомотив», и компания неизменно стремится к улучшению условий работы, внедрению передовых стандартов и повышению качества ремонта, модернизации и сервисного обслуживания подвижного состава, – подчеркнул в поздравительной речи первый заместитель генерального директора ТОО «Қамқор Локомотив» Асан Нусипкулов.

Отметили в преддверии Наурыза и победителей конкурса «Үздік тәлімгер-2024» – «Лучший наставник-2024», внесших значительный вклад в подготовку молодых кадров, организацию технических занятий и развитие профессиональных компетенций сотрудников.

По итогам конкурса лучшими наставниками-2024 признаны ведущий инженер по безопасности и охране труда филиала Астана ЛРД Алтын Кигизбаева и мастер электромашинного цеха Атбасарского ЭРЗ Талгат Бердибек.

За вклад в развитие системы подготовки кадров в номинации «Лучший специалист по организации профессионального обучения» отмечены инженер по подготовке кадров производственно-технического отдела Атбасарского ЭРЗ Елизавета Сейлова и ведущий инженер по подготовке кадров производственно-технического отдела филиала «Тараз ЛРД» Маржанкуль Жумирова.

В номинации «Лучшая оснащенность технического кабинета» за качественную организацию учебного процесса награждены инженер по подготовке кадров производственно-технического отдела Актобе ЛРД Бибигуль Бозанова и инженер по подготовке кадров производственно-технического отдела Астана ЛРД Асем Джуманова.

Руководство ТОО «Қамқор Локомотив» поблагодарило победителей за профессионализм, самоотверженный труд и стремление к высоким стандартам работы, отметив, что Қамқор Локомотив обладает мощным техническим потенциалом и высококвалифицированными специалистами, что позволяет компании уверенно занимать лидирующие позиции в сфере сервисного и технического обслуживания, капитального ремонта локомотивов различных серий и специализированного подвижного состава.

*Фото автора*





# АТМОСФЕРА ЕДИНСТВА И ДОБРА

**На станции Караганда-Сортировочная Карагандинской области работники железнодорожных структур с размахом отметили весенний праздник Наурыз. Мероприятие прошло на площади Дворца железнодорожников.**

**Светлана МОГАЙ,** Караганда

Место для проведения торжественного мероприятия заметно обновилось и облагородилось – появилась просторная сцена, а также много мест для зрителей – местных жителей и гостей «Сортировки». С утра железнодорожники устанавливали и благоустраивали юрты, хозяйки накрывали дастарханы с национальными блюдами – наурыз көже, бешпармаком, баурсаками и приветливо встречали гостей. В каждом шатре было по-своему изысканно и колоритно.

На площади в нескольких местах организаторы установили алтыбаканы, на которых по очереди каталась молодежь. Здесь же на свободном поле мужчины с азартом сражались между собой в казахскую национальную игру асық ату.

Ближе к полудню началась торжественная часть. С поздравительной речью перед железнодорожниками выступили директор Карагандинского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марат Ибраев, директор Карагандинского отделения магистральной сети Толеубай Кенжебеков, председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, председатель профкома Карагандинского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Галы Ермекбаев, региональный главный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев.

– Сегодня Наурыз – один из самых значимых праздников, объединяющий народ Казахстана, причем всех национальностей и вероисповеданий. Он олицетворяет обновление природы, согласие, дружбу и взаимопонимание. Издревле этот праздник почитался как светлый день созидания и начало нового года. Пусть весна радует всех своим теплом, а Наурыз принесет в каждый дом процветание и благополучие, – сказал Марат Ибраев.

По традиции работникам железнодорожных структур – Карагандинского отделения ГП, отделения магистральной сети, дистанций пути, станций и узлов – были вручены различные награды за профессионализм и успехи в работе.

После торжественной части началась праздничная программа. Ее украшением стало выступление местных и приглашенных артистов, исполнивших произведения известных казахстанских и российских композиторов.

Помимо игры в асық ату железнодорожники смогли показать свою силу и смекалку в гиревом спорте, в перетягивании каната и тоғызқұмалақ.

По мнению местных жителей и гостей, мероприятие прошло в атмосфере радости, корпоративного единства и гостеприимства. Одним словом, праздник удался!

*Фото автора*

# НЕ ЗАБЫВАЯ ТРАДИЦИИ СТЕПИ

**В Кокшетау на площади Абылай-хана состоялось главное праздничное мероприятие, посвященное Наурыз мейрамы. Для жителей и гостей города были установлены десять тематических юрт, каждая из которых представляла один из обычаев казахского народа. Акмолинские железнодорожники продемонстрировали традиционный обряд сырға салу.**

**Айлин БАУРЖАН,** Кокшетау





Уже при входе в юрту гостей встречали работники в национальных костюмах, а также поражало великолепное убранство и богато накрытый дастархан. Все это сразу погружало в атмосферу главного весеннего праздника Великой степи. Усиливали это ощущение проникновенный вокал, виртуозная игра на домбре и продуманная до мелочей постановка «сырға салу».

В инсценировке железнодорожники показали все детали этого события, самым живым и интересным моментом для зрителей стал приезд сватов со стороны жениха и совершение обряда надевания сережек невесте – «сырға салу». Он символизирует окончательный договор между сватами.

Празднование продолжилось на площади «Тәуелсіздік», где прошли соревнования по 11 видам спорта, включая қазақ күресі, асық ату, арқан тарту и другие национальные игры. Особое внимание привлекли состязания по қазақ күресі в категории «Түйе балуан» среди участников весом от 80 килограммов.

Кроме того, праздничная программа включала музыкально-хореографическую композицию «Сән-салтанатты әз-Наурыз!» с участием творческих коллективов региона. Ярким моментом вечера стали выступления звезд казахстанской эстрады – Мираса Жугунусова, дуэта Жазира и Жанболат, а также группы «Абырой».

В целом жители Кокшетау встретили праздник в теплой и семейной атмосфере.

*Фото автора*

# СВЯЗЬ ПОКОЛЕНИЙ

**С размахом, песнями и танцами встретили Наурыз мейрамы работники регионального филиала «Южный» АО «Пассажирские перевозки». Праздничное мероприятие прошло в теплой и дружеской атмосфере, наполненной духом весеннего обновления и единства.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,** Алматы



В этот раз праздник поразил своей самобытностью и ярким восточным колоритом. Праздничная атмосфера перенесла гостей в мир древних традиций и национального наследия. Вкусные угощения, зажигательные народные танцы, мелодичные кюи и традиционные игры создали ощущение настоящего восточного торжества. Особое внимание привлекла юрта, украшенная национальными орнаментами, где каждый мог прикоснуться к культуре предков и насладиться гостеприимством. Надо сказать, что железнодорожники с каждым годом встречают Наурыз импровизированно и ярко. Повсюду звучали мелодии, посвященные пробуждению весны, – «Кулуншак», «Акку».

Трогательной частью праздника стало представление обряда бесік той, который с теплотой и уважением к традициям показали работники. Обряд, символизирующий благословение новорожденного и пожелание ему счастливой жизни, был проведен в полном соответствии с древними обычаями. Звучали напутствия, старшие женщины укладывали младенца в колыбель, а гости одаривали его благопожеланиями и подарками.



– Этот красивый и глубокий по смыслу ритуал напомнил всем о важности семейных ценностей, уважения и сохранения национальных традиций, – отметил председатель совета ветеранов железнодорожников Алматинского региона Дуан Умаров.

Не менее трепетным стало представление обряда, в котором невеста надела саукеле – традиционный головной убор казахских невест. Обряд подчеркнул глубину казахских традиций, передаваемых из поколения в поколение. Одним из красивых моментов стал обряд тұсаукесер – символическое перерезание пут малыша, означающее его первый шаг в большую жизнь.

С древних времен на Наурыз проводили различные состязания, где джигиты демонстрировали свою ловкость, силу и храбрость. Неудивительно, что эту замечательную традицию продолжают в наше время. Праздник Наурыз украсили увлекательные состязания по традиционным казахским играм: алтыбақан, қой көтеру, асық ату, тоғызқұмалақ и арқан тарту, где каждая игра напоминала о богатом культурном наследии казахского народа.

А праздничная юрта стала настоящим символом гостеприимства, щедрый дастархан ознаменовал торжество изобилия и единства. Работники филиала в национальных костюмах представили вниманию публики казахские песни, композиции и танцы.

Гостей угощали традиционным пловом, другими национальными блюдами восточной кухни. За столом звучали добрые пожелания, песни и шутки, создавая атмосферу тепла и радости.

– Я рад, что после многих лет принял участие в этом замечательном празднике, на предприятии, где много лет я работал, и хочу подчеркнуть, что особую благодарность заслуживает профсоюзный комитет в организации такого яркого и душевного праздника, – сказал заместитель председателя совета ветеранов города Алматы Серик Курмангалиев.

Этот день напомнил всем о великодушии казахского народа, уважении к традициям, гордости за свою культуру и стремлении сохранить ее для будущих поколений, где каждый элемент праздника – от украшения юрты, атрибутов древних кочевников до проведения обрядов и состязаний – был тщательно продуман и воплощен с любовью. Этот праздник стал примером сплоченности и бережного отношения к обычаям.

*Фото автора*

№22-23 (3061-3062) 28/03/2025

# ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

**Ел шығысындағы теміржолшылар қауымы биылғы Наурыз мерекесін жылдағыдан өзгеше, ерекше леппен атап өтті. Мерекелік шараға бөлімше көлемінен, байтақ желі бойынан да қонақтар келді.**

Абай ЕРТІС,
Семей



Теміржолшыларды қала басшылығы арнайы келіп құттықтап, жиналған жұртшылық алдында мерекелік лебіз білдірді.

Барша халық алдында алдымен Семей теміржолы бойынша ардагерлер кеңесінің төрағасы, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов құттықтау сөз алды.

– Өткен жыл семейлік теміржолшылар үшін мейлінше табысты болды. Үлкен ұжым абыроймен еңбек етіп, биік белестерді бағындырды. Биыл да осы үдеден табылады деген сенімдемін. Алдағы уақытта да бірлесе еңбек етіп, аймағымызды дамытудың жаңа белесіне шығарамыз деп білемін. Отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілеймін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! – деп жылы лебізін білдірді.

Бөлімше басшысы Алмас Сейсемқанов пен Семей магистральдық желі бөлімшесі бастығы Айдын Шәукежанов та көпшілікті Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Айта кетерлігі сол, вокзал алаңында теміржол мекемелері әзірлеп әкелген 9 киіз үй тігіліп, әрқайсысы қазақтың бай мәдениетін, тарихы мен дәстүрін паш ететін ерекше мазмұнмен безендірілді. Әр үйдің өз «алты ауыз» әнші-жыршылары келушілерді ұлттық өнермен сусындатты.

Келушілерге мол дастархан жайылып, наурыз-көже мен қымыз ұсынылды. Ақ кимешекті әжелер қауымы көпшілікке бауырсақ үлестіріп шықты.

Бұл күнгі мерекелік шара тек көңіл көтеруге емес, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, дәстүр сабақтастығын жалғастыруға да арналды. Наталья Мешкова бастаған кәсіподақ ұйымының белсенділері түрлі спорттық сайыстар мен ұлттық ойындар ойнатып, жеңімпаздарға жүлде таратты.

Мұнымен қатар теміржол вокзалы алаңындағы үлкен сахнада ұлттық нақыштағы әндер шырқалып, би де ұйымдастырылды.

Мерекеге жиналған көпшілік теміржолшылар қауымының жомарттығы мен бабалардан қалған мәдени мұра мен салт-дәстүрге берік екендігіне тәнті болғаны анық.

*Суретті түсірген автор*

# ЭТНОАУЫЛ ПАЙДА БОЛДЫ

**Ұлыстың ұлы күні Ақтөбе вокзалы аумағына киіз үй тігіліп, этноауыл құрылды. Мерекелік атмосфераға бөленген алаңда теміржолшылар ғана емес, жергілікті халық, әрі-бері өткен пойыз жолаушылары да қазақы үйлерге кіріп, естелік суреттерге түсіп, ұлттық тағамдардан дәм татып, шат-шадыман болды.**

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Киіз үйге қойылған ұлттық бұйымдар да көз тартады. Ақ жаулықты аналар шашу шашып, қазан-қазан көже пісірілді. Осылайша Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі ұйымдастырған шара шынайы халықтық мерекеге айналды.

«Жыл басы Наурыз мерекесі ертеден жақсылықтың бастауы болған. Әр шаңыраққа құт-береке, молшылық, саулық тілеймін. Ешқашан кедергі болмасын, әрдайым жолымыз болсын», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімі басшысының орынбасары Темірғали Көштаев.

Теміржолшылар ұлттық киімнің сән-салтанатын сақтаған. Қыз-келіншектер, ақ жаулықты аналар, азаматтар мен ақсақалдар өздеріне жарасымды ұлттық киіммен жүрді. Теміржолшылар даярлаған мерекелік концертте шараның көркін аша түсті. Әнші де, биші де, күйші де бар.

Қазан-ошақ жағынан көңірсіген әдемі ас пен түтін иісі шығады. Келіншектер наурыз көже дайындауда негізгі үш қағиданың сақталғанын айтты. Бірінші сүр ет, дәнді-дақыл және ағарған. Осы тәртіппен жеті түрлі дәм қосылған. Бабымен дайындалған наурыз көже келушілерге ұсынылды. Көже ішіп, дастарханға қойылған ұлттық тағамдардан дәм татып, қызыл бауырсақ, құрт-ірімшік, тарыдан дайындалған тағамдар мен женттен дәм татқан жұрт айрықша риза болысты.

Сонымен қатар вокзал алдында ұлттық ойындардан жарыс өтті. Кәсіподақ қолдауымен арқан тартыс, ләңгі, асық атудан озып шыққандарға сыйлықтар табысталды.

*Суретті түсірген автор*

# БӘЙГЕ БЕРІП ЖЫҒЫЛҒАН ПАЛУАНҒА ДА...

**Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесінің теміржолшылары «Наурызнама» онкүндігінің тазару күніне сәйкес сенбілік өткізіп, Ұлттық спорт күні құрметіне ұлттық ойындар сайысына ұластырды.**



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бөлімшенің бас ғимараты орналасқан Е.Әуелбеков көшесінің бойындағы ағаш бұтақтары кесіліп, ретке келтірілді. Тал-дарақтың түбі әктеліп, қопсытылып, тазартылды. Тазалық сенбілігі тек қоршаған ортаны тазартумен шектелмейді, ол теміржолшылардың ішкі жан дүниесін, болмыс-бітімін де тәртіпке келтіріп, ұдайы тазаруға үндейді.

Ал Ұлыстың ұлы күні бөлімше ауласында тігілген ақбоз үйдің төңірегі той-думанға толды. Теміржолшылар гир көтеру, қол күресі және арқан тартудан бақ сынасты. Әсіресе қыз-келіншектер арасында арқан тарту бәсекесі ерекше тартысты өтті. Кәсіби спортшы болмаса да олардың жігері мен жеңіске деген құлшынысы спорттық додаға көрік берді.

Қол күресінен жүлделі орындар иелері де анықталды. Алдындағы екі қарсыласынан айласын асыра алмаған Жапырақ Оспымбетова 3-орынды місе тұтса, бір ғана адамға есе жіберген Зәуреш Сүйінова 2-орынды иеленді, ал қарсыластарының бәрін қоғадай жапырып салған Әсел Қамысбаева 1-орынды иеленіп, бас жүлдені қанжығалады. Арқан тартысына шыққан қыз-келіншектердің бәріне кәсіподақ ұйымы атынан бағалы сыйлықтар берілді.

Бөлімшенің бас теміржолшысы Батырхан Базарбаев пен оның орынбасарлары Бекжан Өтелиев пен Мейрамбек Шолтабаев, бас инженер Құлхан Белкібаев, «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов, бөлімшенің кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев көпшілікті Наурыз мейрамымен құттықтап, ұлттық дәстүрді дәріптеген теміржолшылар еңбегіне табыс тіледі.

*Суретті түсірген автор*

# «JIBEK JOLY» ТУРИСТІК ПОЙЫЗЫ – ТАРАЗДА

**Үшінші рет саяхатқа шыққан «Jibek Joly» пойызының туристері Таразға аялдап, көне шаһардың тарихи-мәдени ескерткіштерімен танысты.**



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

20-25 наурыз аралығында Алматы, Түркістан, Ташкент, Самарқанд бағытына саяхат жасайтын туристік маршрут бұл жолы кеңейтіліп, аялдамалар тізіміне Орталық Азияның ең көне қалаларының бірі Тараз қосылып отыр. Туристік пойыздың жолаушыларын Тараз вокзалында жамбылдықтар күтіп алып, жолаушыларға ыстық бауырсақ таратылып, саяхат сапарына сәттілік тілеген көңілмен шашу шашылды. Ұлт аспаптар ансамблі күмбірлетіп күй тартып, ән шырқады. Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, шаһарға келген туристер үшін арнайы қолөнершілердің жәрмеңкесі мен «Керуен шеруі» мәдени іс-шарасы ұйымдастырылды.

Ұлы Жібек жолы бойында жатқан көне Тараз қаласы екі жыл бұрын дүниежүзілік қолөнершілер қаласының тізіміне енгені мәлім. Сондықтан тараздық қолөнершілердің қолынан шыққан туындылар «Jibek Joly» туристік пойызы жолаушыларының қызығушылығын туғызғаны анық.

«Керуен шеруі» мәдени-тарихи экскурсиясында жолаушыларға Тараз қаласының бай тарихы мен мәдени мұрасы таныстырылды. «Тектұрмас» және «Көне Тараз» этномәдени-тарихи кешені, Қарахан кесенесі секілді шаһардағы маңызды тарихи ескерткіштерге барды.

*Суретті түсірген автор*

# ЕР ТҮРІКТІҢ БЕСІГІ – ТҮРКІСТАНДА

**Наурыз мейрамына «Жібек жолы» халықаралық пойызымен Түркістанға 400-ге жуық турист келді. Саяхатшылар Түркістан қаласының көрікті орындарын аралап, Наурыз мейрамын тойлады.**

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Түркі елдерінің ортақ мерекесі қарсаңында Түркістанда туристік маусым ресми түрде ашылғаны белгілі. Осыған орай халықаралық бағыттағы «Жібек жолы» туристік пойызы жолға шығып, наурыз мейрамына орай Түркістанда аялдап, Түркі әлемінің рухани астанасы атанған қала тарихымен, мәдениетімен жақынырақ танысты. Арыстанбаб кесенесі мен Отырар қалашығын тамашалап, Қожа Ясауи кесенесіне зиярат етті.

«Жібек жолы» туристік пойызы өткен жылы өз жұмысын бастағандықтан, Түркістан вокзалында қызмет көрсету сапасы артып, ұйымдастыру жұмыстарын ширату шұғыл жолға қойылған. Түркістан вокзалы бастығының кезекші-көмекшісі Гүлжан Тұрғанбаеваның айтуынша, туристік бағыттағы екі пойыз вокзалға 21 және 22 күндері қатар келген. №933/34 және №921/22 нөмірлі пойызбен түркі астанасындағы Наурыз тойын тамашалау үшін 400-ге жуық жолаушы келген.

– Біздің міндетіміз қаламызға келген қонақтарға тиісті қызметтерді көрсете отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп күтіп алып, шығарып салу болып табылады. Сондықтан да біз осы күндері әдеттегі қызметімізді атқарып жүрсек те, айрықша сезіммен ақжарма көңілмен жолаушылардың келуін күттік, – дейді Гүлжан Иманқұлқызы.

Сол күнгі бірінші ауысымда вокзал кезекшісі Біләл Дәулет пен анықтама беру бойынша кезекші Дария Бейсенбай болған. Ал екінші ауысымда вокзал бастығының кезекші-көмекшісі Нұржан Жұмабаев пен Арман Мұқанов және Ақнұр Тұрсынқұлова қызмет көрсеткен. Жолаушылардың бәрі де діттеген жерге аман-есен жетіп,



вокзал ғимаратында көрсетілген қызметтерді тиімді пайдаланып, сапарларын жалғастырған. Қызмет көрсету кезінде ешқандай тосын жайт пен оқыс оқиға тіркелмеген.

*Суретті түсірген автор*

# «BEST FEST NAURYZ» ФЕСТИВАЛІ: ҰЛТТЫҚ КИІМ РЕКОРД ОРНАТТЫ

**Наурыз күні ұлттық киіміміз әлемдік рекордтар кітабына кірді. Ауа райының қолайсыздығына, жаңбыр жауып тұрғанына қарамастан маңғыстаулықтар бір мақсат үшін жұдырықтай жұмылып, ұлттық киім киюден рекорд орнатты.**

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

